


**«Жолда жүру ережелері» бойынша  
5 сыныпта 2023-2024 оқу жылдығында жүргізілген жұмыстары бойынша  
ақпарат**

Қазан жалпы негізгі білім беретін мектебінің 5 сынып оқушыларының белсенді өмірлік бағыт-бағдарларын қалыптастыру, көшелер мен жолдардағы қауіпсіздік ережелерін оқып-үйрену, жол қауіпсіздігі ережелерін насихаттау, оқушылар арасында ЖҚЕ-не байланысты шараларды ұйымдастыру, жол-көлік оқиғаларын (ЖҚО) зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету мақсатында ЖЖЕ және балалар арасында жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Жұмыс жоспарына сәйкес балалардың жол-көлік жарақаттануын алдын алу, оқушылардың ЖЖЕ-не қызығушылығын арттыру, танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін одан әрі дамыту мақсатында сынып жетекшісі Ж.К. Сапаховпен жол-көлік оқиғаларының алдын алу және ЖЖЕ бойынша сынып сағаттары бекітілген жоспарына сәйкес айына бір рет әңгімелер, сабақтар, викториналар, ойындар және т. б. түрінде өткізілді.

Кәмілетке толмаған істері жөніндегі учаскелік инспекторлары полиция майоры А. Эрибетова және полиция майоры С.Алғалиев оқушылар арасында жолда жүру ережелері және жолдағы қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушыларға жол ережелері туралы сұрақтар қойылды. Оқушылар жолда жүру ережелері туралы білімдерін ортаға салып, полиция инспекторларына өздерінің сұрақтарын қойды.

Сынып жетекшінің қойылған мақсаты мен міндеттері толық көлемде орындалды.

Сынып жетекшісі:



Сапахов Ж.К.